

Қазақстан Республикасында заңгерлік білім берудің сапасын арттыру және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 847 Қаулысы

Заңгерлік білім беруді одан әрі дамыту және оның сапасын арттыру, республиканың жоғары білікті заңгерлерге деген қажеттілігін қанағаттандыру, бюджеттік қаражаттарды білім беруге тиімді пайдалану және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 14 наурыздағы N 1591 Жарлығын және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтын ұйымдастыру мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 мамырдағы N 564 қаулысын орындаудағы кемшіліктерді жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне:

1996/97 оқу жылынан бастап Қостанай мемлекеттік университеті мен Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің заң факультеттеріне саны 50 адамнан студенттер қабылдау белгіленсін;

Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінің құрамынан заң техникумы шығарылсын және ол заңды тұлға құқығы сақталуы арқылы Қазақ мемлекеттік заң институтының құрамына кіргізілсін. Осыған байланысты "Ақмола, Атырау, Павлодар, Петропавл және Талдықорған қалаларында университеттер құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 маусымдағы N 584 қаулысының 1-тармағына тиісті өзгерту енгізілсін;

мемлекеттік және мемлекеттік емес /жеке/ жоғарғы оқу орындары үшін мамандандырылған заң жоғарғы оқу орындары мен университеттердің заң факультеттеріндегі оқытудың ерекшеліктері ескеріліп, заңгерлік білім берудің бірыңғай мемлекеттік стандарттары бекітілсін;

заңгерлік білім берудің мемлекеттік стандарттарын орындауды қамтамасыз етуге қабілетті штаттағы профессор-оқытушы құрамының жеткілікті болуын негізгі өлшем ретінде белгілеп, мемлекеттік және мемлекеттік емес /жеке/ жоғары оқу орындары мен факультеттерді лицензиялау үшін бірыңғай нормативтер жасалсын және бекітілсін.

Ескерту. 1-тармағына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.03.17 N 335 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Әділет министрлігі мемлекеттік және мемлекеттік емес /жеке/ жоғары оқу орындарында заңгерлік білім берудің сырттайғы және кешкі нысандарын жабу туралы ұсыныс ұсынатын болсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты 1996/97 оқу жылында мемлекет жоғарғы оқу орындарының заң факультеттері мен бөлімдеріне студенттер қабылдауды қысқартудың және тоқтатудың есебінен күндізгі оқыту нысаны бойынша 1 курсқа 180 студент қабылдауды қосымша жүзеге асырсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылы басқа жоғарғы оқу орындарының заң факультеттеріне студенттер қабылдауды қысқартудың және тоқтатудың есебінен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институтының бюджеттік қаражаттарын көбейтсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақ мемлекеттік заң институты студенттерінің санының болжамды артуын назарға алып және қамтамасыз етудің тиісті нормативтерінің негізінде бір айдың ішінде оған Байзақов көшесіндегі 291-ғимаратты берсін, сондай-ақ оған арнап келешекте қосымша басқа тұрғын-жай бөлуді қарастыратын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына лицензиясыз білім беру қызметін жүзеге асырушы заңды тұлғаларды жою және лицензиясыз білім беру қызметінен түскен кірістерді бюджетке алу туралы сотқа талап қоюға ұсыныс /қайталап /
ж а с а с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Бас салық инспекциясы бір ай мерзім ішінде олардың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің /жалпы бөлімі/, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы", "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарының талаптарын сақтауына айрықша көңіл бөліп, барлық мемлекеттік емес /жеке/ заң жоғары оқу орындары мен факультеттерінің қызметін тексеретін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің орынбасары